



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

СЕКЦИЯ 1

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ: ҮРДІСТЕР, МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ТЕНДЕНЦИИ, ПРОБЛЕМЫ, ПУТИ РЕШЕНИЯ

ӨОЖ 378.148

МЕДИАБІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ТЕОРИЯЛАРЫ

Абдиркенова Акбидаш Қапанқызы,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
педагогика және психология
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
PhD докторы

Ахметова Жадра Жұмағалиқызы,

Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Казыбаева Лаззат Танатовна,

М.Хәкімжанова атындағы Щербаков жалпы мектебі
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада медиабілім мазмұнын құраушы негізгі теориялар мен тұғырларға кеңірек тоқталған. Оның теорияларын нақтылау күрделі мәселе саналатын. Бұл жағдайды бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретіндегі қызметінің сан алуандығы мен қоғамға тигізетін ықпалының көп аспектілі екендігімен түсіндірілген. Медиабілімнің мазмұнын құрастыру, әрбір теорияның мәні мен мазмұнын талдауды талап етеді. Осы себептен, әрбір медиабілім теориясының мәні мен ерекшеліктеріне жеке тоқталып өтуді жөн көрдік.

Түйін сөздер: медиабілім, теориялар мен тұғырлар, «қорғану» теориясы, этикалық теория, идеологиялық теория.

Аннотация

Актуальность и цель. В статье подробно рассмотрены основные теории и подходы, составляющие содержание медиаобразования. Уточнение его теорий считалось сложной задачей. Это объясняется тем, что ситуация является многоаспектной в многообразии и влиянии средств массовой информации на общество как социальный институт. Составление содержания медиаобразования требует анализа сущности и содержания каждой теории. Поэтому мы решили отдельно остановиться на значении и особенностях каждой теории медиаобразования.

Ключевые слова: медиаобразование, теории и концепции, теория «защиты», этическая теория, идеологическая теория.

Abstract

Relevance and goal. The article describes in detail the main theories and approaches that make up the content of media education. Refining his theory was considered a difficult task. This is due to the fact that the situation is multidimensional in the diversity and influence of mass media on society as a social institution. Composing the content of media education requires an analysis of the essence and content of each theory. Therefore, we decided to focus separately on the meaning and features of each theory of media education.

Keywords: media education, theories and concepts, theory of «protection», ethical theory, ideological theory.

Медиабілім масс-медиамен сауатты жұмыс істей білуге, ақпаратты сыни қабылдауға және өзіндік медиа хабарлама құруға дағдыландыратын білімдер жиынтығы. Медиабілім (ағыл. *media* – ақпарат құралы, *education* - білім) – бұқаралық коммуникацияның заңдылықтары мен қағидасын оқытатын, тиімді медиақұралдарды таңдауға, медиамәтінді сыни талдауға және қабылдауға үйрететін, ақпараттарды сараптаудың эстетикалық талғамы мен мүмкіндіктерін дамытатын, өзіндік жеке медиамәтін құру дағдысын меңгертетін педагогика ғылымының маңызды саласы.

Медиабілім берудің негізгі міндеттеріне: келешек ұрпақты заманауи ақпараттық жағдайдағы өмірге дайындау; бұқаралық ақпараттарды қабылдауға, үйрету, оның психика тигізетін кері ықпалы

мен салдарын түсіну, техникалық құралдардың көмегімен вербальды емес (тілсіз байланыс, ым-ишара) формада қарым-қатынас жасау әдістерін меңгерту және т.б. жатады.

Медиабілім мазмұнын құраушы негізгі теориялар мен тұғырларға кеңірек тоқталып өтетін болсақ, оның теориялары мен тұғырларын нақтылау күрделі мәселе саналады. Бұл жағдайды бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретіндегі қызметінің сан алуандығы мен қоғамға тигізетін ықпалының көп аспектілі екендігімен түсіндіруге болады.

Медиабілімнің мазмұнын құрастыру, әрбір теорияның мәні мен мазмұнын талдауды талап етеді. Осы себептен, әрбір медиабілім теориясының мәні мен ерекшеліктеріне жеке тоқталып өтуді жөн көрдік. Медиабілімнің көптеген теорияларының бірнешеуі, «қорғану» теориясын, этикалық теориясын, «сыни ойлауды» дамыту теориясын, идеологиялық теориясын қарастырамыз.

1. Медиабілімнің «қорғану» теориясы (Protectionist Approach, Inoculatory Approach, Inoculative Approach, Hypodermic Needle Approach, Civil Defense Approach, L'Approche Vaccinatoire) [1, 796].

Медиабілімнің «қорғану» теориясы медианың зиянды әсерінің алдын-алу немесе болдырмауға негізделеді. Медианың пайдасы көп болғанымен, аудиторияға өте күшті, жағымсыз, әрі зиянды ықпалы болуы да мүмкін. Мысалы, жасөспірімдер кейбір жағдайларда экран арқылы көрген қатігездікті өмірде қолдануға немесе қайталауға тырысады. Масс-медиада таралатын ақпараттың басым бөлігін қабылдайтын аудитория медиамәтіннің түпкі мәнін түсінбей, ақпаратты тікелей қабылдайтын пассивті тұтынушылар қатарына жатады. Сондықтан, жеке тұлғаларды зиянды ақпараттан қорғау мәселесі медиабілімнің «инъекциялық» теориясында қарастырылады. Бұл теориялық тұжырым медианың тікелей, әрі қарқынды ықпалы болатындығын білдіреді. Әрбір медиамәтін тез арада реакция тудыратын стимул болып саналады. «Қорғану» теориясының негізгі мазмұны тұтынушыда медиамәтін мен шынайылықтың аражігін ажырату іскерлігін дамыту. Бұл теория ХХ ғасырдың 20-40-шы жылдары дамыған Батыс елдерінде кеңінен тарады.

«Қорғану» теориясының жақтаушылары медианың адам психикасына тигізетін төмендегідей әсерлерін зерттейді:

- *медианың танымдық әсері:* қысқа уақыттағы, күнделікті, үздіксіз немесе кең көлемдегі әсерін;
- *қарым-қатынас немесе дүниетанымға тигізетін әсері:* ортақ көзқарастың қалыптасуы, ой-пікірдің пайда болуы, өзгеруі немесе бекітілуі;
- *эмоциялық әсері:* уақытша реакция тудыруы;
- *физиологиялық әсері:* уақытша иллюзияның пайда болуы, эмоциялық тұрақсыздық.
- *мінез-құлыққа тигізетін әсері:* имитация, белсенділік (жарнамадан көрген затын бірден алуға ұмтылу және т.б.) [2, 24-296].

Медиабілімнің «қорғану» теориясының басты мақсаты – медианың жағымсыз әсерін (әсіресе, көмелетке толмаған аудиторияға) барынша төмендету. 90-шы жылдардың басында «қорғану» теориясы ЮНЕСКО-ның «Балалар мен экрандағы зорлық-зомбылық» Халықаралық палатасының (The UNESCO International Clearinghouse on Children and Violence on the Screen) қолдауына ие болды. Бұл ұйым бірқатар елдердегі медиапедагогтармен серіктестік байланыс орната отырып, медианың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін жағымсыз әсерін зерттеуге арналған халықаралық деңгейдегі ғылыми-педагогикалық конференциялар ұйымдастырып, арнайы журналдар мен ғаламтор сайттарын құрды. Осы іс-шараны ұйымдастырушылар «экрандағы зорлық-зомбылықпен» күресіп қана қоймай, жастар мен жасөспірімдердің медиабілімін, сыни ойлауын дамыту бағытында жұмыстар жасалуы керектігін жақсы түсінді. Сондықтан да, 2002 жылдың соңына қарай бұл ұйым өз атауын өзгертіп, ЮНЕСКО-ның «Балалар, жастар және медиа» атты Халықаралық палатасына айналды (The UNESCO International Clearinghouse on Children, Youth and Media).

Медиабілімнің «қорғану» теориясымен келіспейтін ғалымдар да бар. Шетелдік ғалымдардың бірқатары (C.Bazalgette, E.Bevert, D.Buckingham, J.Gonnet, L.Masterman, T.Panhoff, C.Worsnop) медианы адам өмірінің маңызды бөлігі деп санайды. Олардың пікірінше, медианың жағымсыз әсеріне қарағанда, пайдасы мол және медианың осы артықшылығын педагогикалық үдерісте белсенді түрде пайдалану қажет.

2. Медиабілімнің этикалық теориясы (Ethic Approach, Moral Approach).

Медиабілімнің этикалық теориясына сәйкес, медиа аудиторияның этикалық-моральдық қағидаларын қалыптастыруға қабілетті деп есептеледі. Осы жағынан бұл теорияның негізгі мақсаты айқындалады: аудиторияны медиабілімнің белгілі бір этикалық модельдеріне үйрету. Педагогикалық стратегия медиа мен медиамәтіндердің этикалық аспектісін зерттеуге негізделеді [3, 2006].

Аталған теория бойынша моральдық құндылықтар әлеуметтік-мәдени және саяси мазмұнға тәуелді болады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл теорияны медиабілімнің идеологиялық, эстетикалық, экологиялық, сыни ойлау теорияларымен біріктіріп, түсіндіруге болады. Қазіргі уақытта демократиялық құндылықтарға, ізгілікке, этникалық, ұлттық, діни толеранттылыққа негізделген медиабілімнің этикалық теориясы көкейкесті мәнге ие болды.

3. Медиабілімнің «сыни ойлауды» дамыту теориясы (Critical Thinking Approach, Critical Autonomy Approach, Critical Democratic Approach, Le Jugement critique, L'Esprit critique, Representational Paradigm) [65].

«Сыни ойлау» терминінің мәні мен мазмұны американдық философиялық ассоциация (АРА) тарапынан төмендегідей анықталады: сыни ойлау адамның сеніміне, көнгіштігіне, бағалаудағы әділеттігіне және т.б. факторларға тәуелді болады. Бұл теория тұтынушыларды медианың манипуляциясынан сақтауды көздейді. Медиа саласындағы сыни ойлау – бұл ассоциативті қабылдау, синтездеу, анализ жасау, медиа мен медиамәтіндердің әлеуметтік ортадағы қызметін бағалау, медиа саласында виртуалды эксперимент жасау, логикалық және интуитивті болжам құруды қамтитын күрделі рефлексивті ойлау процесі деп анықталады.

Американдық медиапедагог Б.Дункан (B.Duncan) көзқарасы бойынша медиасауаттылық оқытушылар мен студенттердің медиамәтіндерді қабылдаудағы сыни позициясын дамытуға ықпал жасайды. Осы қабілетті дамыту үшін студенттерді келесі жұмыстарға бағыттау қажет болады:

- олардың медиамәтін жайындағы алғашқы көзқарастарын мұқият зерттеу;
- сыни талдау кезінде олардың жағдаятты жеке (идеологиялық) қабылдау ерекшеліктерін пайдалану;
- ақиқатты өтіріктен, шынайы деректі ойдан шығарылған оқиғадан және т.б. айыра білу

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі саналы іс-әрекеттің нәтижесі болып саналады. Сондықтан, Л.Мастерман (L.Masterman) медиамәтінді сыни талдауға мүмкіндік беретін 4 сұрақты ұсынады: 1) медиамәтінді құрастырушы кім, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын кімдер бақылап отырады? 2) адамның психикасына әсер ететін эффектілер қалай жасалады? 3) медиамәтінді құрудағы құндылық бағдар? 4) медиамәтінді аудитория қалай қабылдайды? Осы сұрақтар негізінде аудиторияның «сыни ойлауын» дамытып, ақпаратты сыни талдау іскерлігіне үйретуге болады.

Батыс елдерінде медиабілім беру мен болашақ мамандардың сыни ойлауын дамытудың технологиясы мен әдістемесін жасаған көрнекті медиапедагогтардың бірі Л.Мастерман болып есептелінеді. Ғалымның зерттеулерінде аудиторияны сыни ойлауға үйретуде маңызды деген 4 негіз аталып өтіледі:

- медиамәтіннің авторлары мен медиа саласындағы бақылау;
- медиамәтіннің әсер ету эффектісін жасау тәсілдері (яғни, ақпаратты кодтау тәсілдері);
- медианың көмегімен іс-әрекеттерді репрезентациялау;
- медианың аудиториясы.

Американдық медиапедагог зерттеушілер Л.М.Симэли мен Э.Уоттс Пэйлиотэ медиабілім беруде келесі шарттар орындалуы қажет деп есептейді: 1) медианы сыни түсінудің дамуы; 2) әртүрлі мақсатта таратылған медиамәтіндерді талдай алу үшін студенттерге әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси негіздегі білімдерді игерту; 3) аудиторияның хабарланы таңдау және қабылдау мүмкіндіктері мен қызығушылығын көтермелеу (яғни, әртүрлі саладағы хабарламаларды іріктеуге, интерпретациялауға және әсерін талдауға жағдай жасау).

CLEMI деп аталатын француздық медиабілімдік орталықтың директоры Ж.Гонне (J.Gonnet) сыни ойлау теориясының дамуын қолдайды және бұл теорияның негізгі мақсаты – студенттерді еркін ойлайтын, демократиялық қоғамның толерантты азаматы ретінде дайындауға ықпал жасау деп есептейді. Дегенмен де, медиабілімді тұтас түрде «сыни ойлауды» дамыту деп түсінбеу қажет. Сыни ойлау түпғаның медиасауаттылығының көп көрсеткішінің бірі болғандықтан, медиабілімді адамның сыни пікірлей алу қабілетімен шектеуге болмайды.

3. Медиабілімнің идеологиялық теориясы (Ideological Approach). Ғалымдардың көзқарасына сәйкес, медиа қоғамдық пікірді манипуляция жасауға, белгілі бір әлеуметтік топтың немесе ұлттың қызығушылықтары мен ұстанымдарына әсер етуге қабілетті құрал болып табылады. Бұл жағдайда ең қатты зардап шегетін кәсіпкерге толмаған балалар мен жасөспірімдер. Осыған сәйкес, аудиторияның бұқаралық байланыс құралдары жүйесін өзгертуге деген қалауын тудыру немесе қалыптасқан медиа ең үздік екендігіне сендіру сияқты медиабілімнің басты мақсаттары туындайды. Қалыптасқан медианың дұрыс екендігіне аудиторияның көзін жеткізудің жалғыз жолы – басқа елдердегі медиамәдениетті сынау, салыстыру.

Бұл теория медианың аудиторияға тигізетін ықпалын өте жоғары деп бағалайды. Медиа идеологияны бұқараның санасына жеткізетін құрал деп есептелінеді. Аталған теориялық тұжырым Ресейде ХХ ғасырдың 60-80-шы жылдарынды қарқынды түрде негізге алына бастады [4, 496].

Біз зерттеу жұмысымыз аясында Еуропадағы және Ресейдегі идеологиялық теорияның даму ерекшеліктерін қарастырдық. Нәтижесінде, өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан 80-ші жылдарына дейін идеологиялық тұжырымдаманың «батыстық» және «кеңестік» түрлері болғандығын анықтадық. Бірінші түрінде медиапедагогтар негізгі назарды әртүрлі елдердегі медиамәтіннің саяси, әлеуметтік және экономикалық аспектісін сыни талдауға аударды. Ал, екінші түрінде ғалымдар Батыстық капитализмде құрылған медиамәтіндерді сыни талдау қажет деп түсінді.

Медиамәтіндегі идеологиялық көзқарас аудиторияда түрліше қабылданып, түрлі әдіспен талдануы мүмкін. Медиапедагогтардың көзқарасы бойынша, студенттер өздері «объективті» деп санаған ой-пікірмен келісуі, ешқандай қарсылық танытпауы мүмкін. Дегенмен де, әртүрлі елдерде медиа агенттіктер тарапынан құрылған медиамәтіндердің шынайы идеологиялық мәнін анықтауда қиындықтармен бетпе-бет келеді.

Студенттің медиақұзыреттілігі келесі құрылымдық элементтерді қамтиды: медиа-білім, медиа-білік, медиа-дағды, медиамәтінді талдауға деген жоғары мотивация, ақпаратты пайдалануға құндылықты-мәндік қатынас, тұлғаның танымдық белсенділігі, сын тұрғысынан ойлауы, рефлексия жасауы, алған білімдерін іс-әрекеттің әртүрлі саласында қолдану тәжірибесі т.б.

Түйіндейтін болсақ, бүгінгі күнде масс-медианың баспалық, электронды немесе визуалды, дыбыстық, аудиовизуалды түрлері адам өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Қазіргі цифрлық дәуірге байланысты медиақұралдардың кейбірі классикалық типке (телевизия, радио, баспасөз) айналса, кейбірі жаңаша түрге ауысуда (интернет желілері). Республика көлемінде 2019 жылғы дерек бойынша, 128 телеарна, 70 радио, 2790 мерзімді басылым (газет пен журналдар), 340 ақпараттық агенттік пен желілер, жалпы саны 3328 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді.

Медиабілім бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін тиімді пайдалану, зиянды әсеріне жол бермеу, компьютерлік құралдарды қолдана отырып өздігінен жеке медиамәтін құрастыру сияқты бүгінгі цифрлық қоғам талаптарына қажетті біліктіліктерді дамытады. Медиабілімнің мазмұнын құраушы теорияларға «қорғану», «этикалық», «сыни ойлауды дамыту», «идеологиялық», «экологиялық», «қажеттіліктерді қанағаттандыру», «практикалық», «мәдени», «эстетикалық», «семиотикалық», «әлеуметтік-мәдени» т.б. атап өтуге болады. Медиабілімнің кілтті түсініктері мен теориялары, тұжырымдамалары цифрлық құзыретті маман тұлғасын қалыптастыруға және жоғары оқу орнындағы медиабілім мазмұнын дайындауға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Leavis F.R., Thompson D. Culture and Environment. – London: Chatto & Windus, 1933. – 79 p.
2. Hart A. Probing the New Literature: A Meta-language for Media - Telemedium // Journal of Media literacy. – 2000. – Vol. 46, №1. – P. 21-29.
3. Пензин С.Н. Кино и эстетическое воспитание: методологические проблемы. – Воронеж, Изд-во Воронежского ун-та, 1974. – 176 с.
4. Gramsci A. Selection from the Prison Notebooks. – N.Y.: International Publishers, 1971. – 49с.

ӘОЖ 371.3

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ВОЛЕЙБОЛ СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Абдуллин Аян Айдарович,

директорының орынбасары

Омарова Гульнар Абдешовна,

педагогика ғылымдарының магистрі

әдістеме бөлімінің жетекшісі

Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының

«Дене тәрбиесі және балалар мен

жасөспірімдер туризмінің

Өңірлік орталығы»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада жасөспірімдердің волейболын үйретуде типтік проблемалар мен оларды жою тәсілдері қарастырылған, сонымен қатар осы ойынның оқу процесінің мазмұны қысқаша сипатталған. Ойын барысында маңызды медициналық-педагогикалық проблемалардың шешу жолдары мен командалық ойындардың ережелі келтірілген.

Түйінді сөздер: волейбол, спорттық ойын, ойын мәселелері, жасөспірімдер.

Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассмотрены типичные проблемы и способы их устранения при обучении волейболу подростков, а также кратко изложено содержание учебного процесса данной игры. В ходе игры приведены пути решения важных медико-педагогических проблем и правила командных игр.

Ключевые слова: волейбол, спортивная игра, проблемы игры, подростки.

Abstract

Relevance and goal. The article discusses typical problems and ways to eliminate them when teaching volleyball to teenagers, and also summarizes the content of the educational process of this game. During the